

МАҢҒЫСТАУ ЭКОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

Базаров Б.Қ.

Усиленное внедрение индустрии и развитие технического прогресса в Мангистауской области и в Прикаспии создают все большие экологические проблемы.

Higher scale of industry introduction and development of technical progress in Mangystau region and PreCaspian makes enormous ecological problems.

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңын бірінші мақсатқа қойған дұрыс екенін Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2010ж. 1-2 желтоқсан Астана OSCE саммитінде атап өтті, және ол мәселені саммитке қатысқан ірі 56 мемлекет алдына қойып, бірігіп шешімін қарастыруға келісім жасады. Себебі бүгінгі күннің Әлемдегі ең басты мәселесінің бірі болып отырғаны «Қоршаған ортаны қорғау». Соның бірі, Қазақстан еліндегі қазіргі өтпелі кезеңде жүріп жатқан әлемдік нарықтық –экономика саясатының өршип түсуіне байланысты Батыс Қазақстан облыстарының бірі Каспий теңізі қайраңы мен теңіз жағалауында орналасқан мұнайлы Маңғыстау өлкесіндегі жер асты қазба байлықтарын өндіру, тасымалдау, пайдалану, бұрғылау, өңдеу, геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу т.б. себептерімен осы өлке топырағы, суы мен ауасы және каспий теңіз суы да ластанып климаттық жағдайы күрт өзгеріп кеткені белгілі.

Каспий теңізі мен оның жағалауларының ластану салдары, оның жағасында қоныстанған бес мемлекет елдеріне зардабын тийгізері сөзсіз екені әлемге айқын. Соңғы жылдары Маңғыстау өлкесі мен Каспий қайраңынан мұнай-газ өндіру қарқыны күшеюіне байланысты теңіз және жағалау экожүйесіне антропогендік әсердің өсуі салдарынан, жиі және өте қарқынды ластана бастауы су қоймасының оттектік режимінің нашарлауына әкеліп соқтырды. Каспий теңізі- бұл жердің ағынсыз ең ірі су қоймасы болып табылады, оның аудан көлемі – 371мың.км²., су көлемі- 76мың.км³., ал ең терең жері- 1025м.

Каспий теңізі мен жағалау аймағының экожүйесіне ықпал етуші әсерлері – су айдыны мен топырағына ластағыш заттектердің түсуі, мәселен көмірсутектер(мұнай), салынды заттектер, радионуклидтер, ауыр металдар, т.б. химикаттардың да мөлшерден тыс көп түсуіне байланысты. Әсіресе улы биожинақталу қасиеті жоғары хлороорганикалық қосылыстар кең тараған.

Каспий теңізі ортасында органикалық заттектердің барлық алғашқы өнімдерінің 40 %-ы түзілетін мұхит жағалауындағы экожүйе ластануынан

көп зиян шегеді. Мұның бәрі физиологиялық, морфологиялық, экологиялық теңіз организмдеріне де теріс ықпалын тигізетіні белгілі. Сонда, каспий теңізі суының фаунасы мен флорасына көмірсутектер өнімдерінің улы қоспасының әсері ШРМ- 0,05мг/л., ал мырыш-элементтік түрде топырақтың әртүрлі типтері үшін ШРМ-55тен 220мг/кг. т.б.

Міне, бүгінгі күні шикізат өнімін өндіру мақсатымен осы өлкеде индустрияның батыл енуімен бірге техникалық прогрестің күшеюі түсуі экологиялық проблемалардың туындауына себепші болып отырғаны белгілі.

Осындай адам іс-әрекетінің салдарынан қоршаған ортаның ластануы адам баласының денсаулығына және болашақ ұрпақтарымызға содай-ақ осы өңірде тіршілік етуші биологиялық әр-алуан түрлілікке зиянды ықпалын тигізетіні сөзсіз. Мысалы, теңіз суындағы ит балықтардың ауруға шалдығуы мен қырылуы және түрлі балықтардың санының азайуымен ауруға шалдығуы т.б. құрлықты мекен ететін түрлі дала жануарларымен ит-құстары, сондай-ақ алуан түрлік өсімдіктерінің сиреп немесе құрып кету қаупінде тұрғаны белгілі. Қазақстан ғалымдарының зерттеуіне орай Маңғыстау өңірімен каспий суындағы кейбір сиреп бара жатқан жануарлар мен құстар және өсімдіктер түрлері ҚР Қызыл кітабына енгізілген.

Маңғыстау өңіріне экологияның зиянды әсерінің қатты ықпал етуі салдары ол, Маңғыстау түбегінің рельефтік және географиялық орналасу күрделілігіне байланысты. Осы аймақ экожүйесіне антропогендік жүктеменің жылдан- жылға арта түсуі теңіз жағалауындағы бес мемлекет елдерінің үлесінде, сондықтан Ел басы Н.Назарбаевтің бастамасымен қолдау тапқан Баку «Каспий бестігі» III- саммиті мен Астана OSCE саммитіндегі ұсыныстарына қолдау жасау баршамыздың басты міндетіміз және бүгінгі күн талабы.

Жоғарыда аталып өткен өңірде уақытында шара қарастырылмай 15-20жыл өтетін болса, онда химиялық улану салдарының зардабы тіршілік атауына айықпас дерт әкелуі мүмкін. Кейінгі 35-40 ж. бұрын Маңғыстау өңірі малға жайлы, жабайы аңдары болса отар-отарымен көлденең кесе жарысып өтетін болғаны елге айқын. Маңғыстау, Атырау өңірін ерте кезеңде (1825/26ж.) орыс зерттеушілері И.А.Северцов, И.Г.Борцов жазған басылымдары жарық көріп, жер байлықтары аңызға айналған болатын.

Каспий жағалауы жерінде жерасты байлықтарының бар екенін ресей мен шет ел ғалымдары 18 ғасырдан бері біліп, қол жеткізе алмай келген. Қазақстан егеменділік алып, өз алдына ел болып тоқырау кезеңінде Әлемдік нарықтық- экономика саясатына ілесті.

Геосаясатының үдей түсуіне байланысты жеріміздегі ел байлығы болып тұрған дүниежүзілік маңызы бар көмірсутегі және газ қоры, нейтронды энергия көзі, т.б. табиғи қазыналары ХХІ ғасыр басынан бастап шетелдік әккі болған инвесторлар қолына түсті, аңсап келген армандарына қол жеткізді,

оңай әрі арзан олжаға кенеліп қойын-қонышын толтып алшаң басты. Олездегі қазақстан басшыларының нақты келісім шарт жасасуға әлі бейімделмеген кезеңін шетелдіктер пайдаланып мол олжаға кенелді.

Жаратылыстан қазақ еліне, табиғаты сыйға тартқан ел мұрсаы- жер қазынасы ысырап болып ұстағанның қолында, тістегеннің аузында болды. Ал жеріміз бен суымыз болса экологиялық апатқа ұшырау алдында қалғанын байқамайда қалдық. Бүгінгі күні Маңғыстау түбегі ластану тұрғысынан қарағанда Семейден кейінгі орында деуге болады, себебі КСРО кезінде бұл өңірде түрлі ядролық сынақтар өткізілгені айдан- анық, ал бүгінгі күні теңіз суымен жер бедері түгелдей ластанып эрозиялық апатқа ұшырап отыр (хлороорганикалық қосылыстар, уран(нейтронды энергия), көмірсутегі, күкірт қалдықтары, газ, т.б. түрлі химиялық заттардың әсерінен).



Маңғыстау түбегіндегі адам баласының денсаулығы нашарлап, түрлі аурулардың пайда болуымен қатар адамның өмір ұзақтығыда кеміп кележатқандығын статистикалық мәліметтерден көруге болады, оның себептері уран карьерлерінің елді мекенге жақын әрі ашық жатқандығы, оған қоса уран қалдықтарының «өлі көлде» ашық шаң- тозаңмен бірге көтерілуінде болып тұрғаны айқын. «Өлі көл» мәселесі туралы ғылыми практикалық -конференциялармен теледидар, газет баспаларында жылда жариялануда, ол жағдай бүгінге күнге дейін шешімін таппай келеді. Оның үстіне азболғандай сырт елдерден көшіп келіп қоныс тепкен қазақ ұрпақтары орналасуда, бұның зардабын (10-15жыл ішінде) ендігі болашақ ұрпақтарымыздан көруге болады.

Мұның барлығы Маңғыстау түбегіндегі адам баласымен тіршілік иелеріне әсеретуші экологиялық ластану проблемаларының әр-бір жеке адамның қалыптасу процесіне, оның сана сезіміне азда болса зиян келтірмеу

жағдайын алдын-ала қарастырған немесе сақтандырған жөн болары бүгінгі ғасыр талабы.

Қоршаған ортаны қорғау (маңғыстау түбегі мен каспий суын) проблемалары ол осында тұрақтанып орналасқан қазақ ұлтының болашақ ұрпақтарымен қазіргі тіршілігін жалғастырып отырған отырықшы елдеріміздің денсаулығын қорғау болып табылады. «Табиғат адам үшін жаралыпты, бар қызық табиғаттан таралыпты» демекші, бізде өзіміздің табиғатымызды қорғауға ат салысайық, жас ұрпақтарымызды осы бағытта (бала бақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін) тәрбиелейік.



Статистика мәліметіне қарағанда маңғыстау топырағында тасталған өндірістік зиянды заттардың мөлшері жан басына шаққанда 404кг. қорғасын, хром т.б. химиялық қосындылар. Осы улы зиянды заттардың 53 пайызы көмірсутегі өнімдерін өндіру мен өңдеуден, ал 28 пайызы теңіздегі шикізат өндіру өндіріс орындарынан, қалған пайызы түрлі өндірістік бірлестіктерінің жауапсыз қарағандарынан болып отырғаны. Маңғыстау өңіріндегі жер асты, үсті байлықтарын игеру мен Каспий қайраңын игеру жобасы барысында антропогендік және техногендік әсерлері қоршаған ортамызға қатты әсерін тигізіп, қауіп төндіруде.

Осы мәселені, бұдан бұрын ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі Қауіпсіздік кеңесі отырысында атап көрсеткендей «Каспий маңы аймағы табиғи және антропогендік факторлармен байланысты бірден- бір экологиялық сезімтал өңір» деген болатын. ҚР Президентінің бастамасы барлық Каспий маңы мемлекеттерінің болашақ ұрпақ тұралы қамын ойлау ниетінен туындаған. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелерін тезірек шешу тұралы айтқан идеясын Иран Президенті де қолдады.

2004-2015ж. арналған экологиялық қауіпсіздік концепциясында Каспий теңізі қайраңын қарқынды игеруге қатысты проблемалардың бірі жаңа технологиялар енгізу, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануға байланысты экологиялық мониторинг және мемлекеттік бақылау жүйелерін жетілдіру қаралған.

2009 ж. ҚР «Қоршаған ортаны қорғау» министрлігі ЕҚЫҰ орталығы және үкіметтік емес ұйымдар арасында өзара ынтымақтастық (бірлесіп қорғау) туралы меморандумға қол қою нәтижесінде Орхус орталығы құрылған болатын. Орталықтың мақсаты Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында Орхус конвенциясының нормаларын сақтауда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құқын қорғап, еліміздегі экология саласындағы шешімдерін жариялап, хабардар ету.

Қорытынды негізі: Елбасы бастамасына орай, экология мәселесін шешуге жеке адамның қалыптасу процесінде оның сана сезіміне табиғатымызды қорғау тұрғысында әлеуметтік, психологиялық көзқарастарды жетілдіру мақсатын көздегеніміз дұрыс.

Әдебиеттер:

1. Е.Жатқанбаев «Аралас экология негіздері» Алматы.1996ж.
2. Г.Хефминг «Тревога в 2000году». Москва., 1990г.
3. Мемлекеттік басылым «Экология ж/е табиғат қорғау» Алматы.Мектеп баспасы 2002ж.
4. К.Ә.Асанов. Р.Е.Елешов.,«Жайылым ж/е экология» Алматы. Кітап баспасы 2002ж.
5. Г.С.Оспанов. «Экология». Алматы. 2003ж.
6. К.Ә.Әлімбетов. Г.С.Оспанов. А.Қ.Мейірбеков «Табиғатты пайдалану ж/е оны қорғау негіздері» Алматы-2000ж.

